

Көше атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Меркі аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 25 қаңтардағы № 26 шешімі.
Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 ақпанда № 2927 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып ауылдық округ әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарымолдаев ауылдық округінің Сарымолдаев ауылындағы 40 жыл Қазақстан көшесі Салы Бутабаев болып өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Сарымолдаев ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Е.Киргизбаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Ж. Абдуллаев